# Зілтеміршілеріміз жарап тұр

**Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері кезекті жүлдесіне қол жеткізді.**




Қостанай қаласында зілтемір көтеру спортынан өткен облыстық чемпионатқа спортшыларымыз аттанған болатын. Оның нәтижесі жайлы Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ауыр атлетикадан жаттықтырушысы Құнтуар ЖӘНКІШЕВ хабарлады. Жарыс қорытындысында бізден барған Е. МАХАТАЙ, Е. ТАҢАТ, А. ТӨЛЕГЕН және А. БАЙЗАҚОВ сынды спортшыларымыз чемпион атанған. Ал, С. ЖАНБЫЛОВ, Ә. ҚАДЫРБЕК, Е. БАЛҒАБАЕВТАР күмістен алқа тақса, А. СЕРІК пен Н. ЕЛТАЙ қола жүлдені қанағат тұтыпты. Спорт мектебінің жаттықтырушылары мен спортшыларын жеңістерімен құттықтай отырып, алдағы жарыстарына сәттілік тілейміз!

«АХ»